

**«КЕЛІСЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
I-Вице-президенті \_\_\_\_\_ М.Йылдыз  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
Президенті \_\_\_\_\_ У.С.Абдибеков  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

*УЕ-ХҚТУ-037-2014*

**Университетке ақылы негізде қабылданған студенттерге оқу  
төлемақысына берілетін жеңілдіктер туралы**

**Е Р Е Ж Е С І**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен  
**ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген – Департамент директоры Н.Орманов
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент  
Б.Б.Ахметов  
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының  
бастығы Е.Шахабаев  
– Қаржы департаментінің бастығы, бас бухгалтер  
Н. Ешметова  
– Құқықтық және экономикалық қадағалау  
департаментінің директоры А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

**Түркістан 2014**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-037-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университетке ақылы негізде қабылданған студенттерге оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер туралы ережесі		8 беттің 2 –ші беті

## МАЗМҰНЫ

Мазмұны	2
1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5 Оқу үздіктеріне жеңілдік беру туралы ереже	4
6. Университетке ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету туралы ережесі	4
7. Университетке ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету үшін берілетін өтініштерге тіркелетін қажетті құжаттар	5
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
9. Келісу, сақтау және тарату	6
10. Танысу парағы	7
11. Өзгерістерді тіркеу парағы	8

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-037-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университетке ақылы негізде қабылданған студенттерге оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер туралы ережесі</b>		8 беттің 3 –ші беті

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күндізгі бөлімінде ақылы түрде білім алатын, білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген қабілетті студенттерді ынталандыру және білімгерлердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатында оқу төлемақы жеңілдіктерін тағайындау шарттарын анықтайды.

1.2 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күндізгі бөлімінде ақылы түрде білім алатын, білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген қабілетті студенттерді ынталандыру және білімгерлердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатында оқу төлемақы жеңілдіктерін тағайындауды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күндізгі бөлімінде ақылы түрде білім алатын, білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген қабілетті студенттерді ынталандыру және білімгерлердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатында оқу төлемақы жеңілдіктерін тағайындауды ұйымдастырушы және өткізуші құрылымдарында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-21-2014 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңы;
- ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысымен бекітілген (2012 жылы 30 наурыздағы №390 қаулысымен өзгерістер енгізілген) «Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесі»;
- «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;
- «Оқу үдерісін ұйымдастыру және емтихан регламенті» Өкілетті Кеңес мәжілісінің 02.06.2012 ж. № 42 шешімі;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:  
 Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;  
 УЕ – университет ережесі;  
 Департамент – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;  
 АРСБ – Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасы.  
 GPA- Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average)

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-037-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университетке ақылы негізде қабылданған студенттерге оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер туралы ережесі		8 беттің 4 –ші беті

#### **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Басқару кеңесінде талқыланады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеті президенті – Басқару кеңесі төрағасы тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық мәселер жөніндегі департамент директоры жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

#### **5 ОҚУ ҮЗДІКТЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІК БЕРУ ТУРАЛЫ**

5.1 Бір академиялық мерзім қорытындысы бойынша және барлық оқу кезеңінде GPA 4,00 оқу үздігі келесі семестрді келісім-шартта көрсетілген сомадан 25% пайызға аз төлеу құқығына ие болады.

5.2 Бір академиялық мерзім қорытындысы бойынша және барлық оқу кезеңінде GPA 3,67-ден GPA 4,00-ге дейін оқу үздігі келесі семестрді келісім-шартта көрсетілген сомадан 15% пайызға аз төлеу құқығына ие болады.

5.3 Университет басшылығы факультет деканының ұсынысы мен үміткердің транскриптінен үзіндінің негізінде оқу үздіктеріне бір семестрге жеңілдік беру туралы бұйрық шығарады.

#### **6 УНИВЕРСИТЕТКЕ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН СТУДЕНТТЕРДІҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ**

6.1 Университетке ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету үшін, GPA-3,00 және одан жоғары, барлық академиялық кезеңде «қанағаттанарлықсыз» бағасы жоқ, университет қабырғасында ең кемі бір семестр оқып шыққан студенттерге төмендегі жағдайларда жеңілдіктер берілуі мүмкін:

6.1.1 Ата-анасынан айырылған тұл жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге соттың шешімі негізінде;

6.1.2 Әлеуметтік жағдайы төмен, яғни ата-анасының біреуі 1 не 2-топтағы мүгедек немесе қайтыс болған болса, ал екіншісінің айлық жалақысы ең төменгі жалақы мөлшерінен аспаса (немесе жұмыссыз болса), ол студентке 25%-ға дейін;

6.1.3 Ата-анасының біреуі, университеттегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес, ХҚТУ қызметкері (ҚР Үкіметінің 29.12.2007ж. №1400 Қаулысымен бекітілген қызметтер реестрінің G10-G14 баптарына жататын) немесе жұмысшысы болған студентке 25%-ға дейін;

6.1.4 Олимпиадалық ойындарда, Әлем, Азия және Республика біріншіліктерінде жүздеген атанған Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командасының мүшесі болған студентке 100%-ға дейін.

6.2 Әлеуметтік жәрдем университеттің арнайы комиссиясы шешімі негізінде шығарылатын университет президентінің бұйрығымен беріледі. Арнайы комиссия президент бұйрығымен бір оқу жылы мерзіміне құрылады, қазан және ақпан айларында екі рет жұмыс істейді. Комиссия мүшелерінің ең кемі 75% қатысқан жағдайда жұмыс істеуге құқылы. Комиссия шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-037-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университетке ақылы негізде қабылданған студенттерге оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер туралы ережесі</b>		8 беттің 5 –ші беті

6.3 Әлеуметтік жәрдем берілетін студенттер саны ақылы негізде оқитын студенттер санының 8%-нан аспауы шарт. Аталған мөлшердің 1%-ын Өкілетті Кеңес төрағасы, 1%-ын университет президентінің өз шешімдерімен бұйрыққа ұсына алады. Осы ереже баптарына сәйкес келмейтін өтініштерді (ерекше жағдайда) комиссия өз қарауымен Өкілетті Кеңес құзырындағы 1% үлесі бойынша шешуі мүмкін.

6.4. Ереженің 5.1, 5.2 көрсетілген күндізгі бөлімде ақылы түрде білім алатын білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген қабілетті студенттерді ынталандыру және 6.1 бабында көрсетілген күндізгі бөлімде білімгерлердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету мақсатындағы оқу төлемақы жеңілдіктері бір семестрге тағайындалады.

6.5 Студент әлеуметтік жәрдемге берген өтінішін, себепті жағдайларын растайтын құжаттар алғаш деканаттарда қаралып, аталған ереже талаптарына сәйкес болған жағдайда, университеттің арнайы комиссиясына ұсынады. Құжаттарды қабылдау қыркүйектің 30-жұлдызына және қаңтардың 31-жұлдызына дейін жүргізіледі.

6.6 Сыртқы бөлім студенттері үшін жеңілдіктер беру қарастырылмайды. Бірақ, ерекше жағдайда (тұл жетім, спорт жеңімпазы) өтініш комиссияда қаралып, шешім қабылдануы мүмкін.

6.7 Университет президенті комиссия шешімінің негізінде студенттерге бір семестрге жеңілдік беру туралы бұйрық шығарады.

## **7. УНИВЕРСИТЕТКЕ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН СТУДЕНТТЕРДІҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУҮ ШІН БЕРІЛЕТІН ӨТІНІШТЕРГЕ ТІРКЕЛЕТІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР**

7.1. Әлеуметтік жәрдем сұраған әрбір студент төменде көрсетілген құжаттарды өткізеді:

- университет президентінің атына өтініш;
- үміткердің барлық оқу кезеңіндегі транскриптінен үзінді;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- отбасы құрамы туралы анықтама
- ата-анасының жалақысы туралы анықтама

7.1.1 Ата-анасынан айырылған тұл жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер ата-анасынан айырылған тұл жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандығын дәлелдейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

7.1.2 Ата-анасының біреуі 1 не 2-топтағы мүгедек немесе қайтыс болған болса, соны дәлелдейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі; ата-анасының біреуінің жұмыссыздығы туралы анықтама мен зейнетақы қорынан соңғы 6 айдағы мәлімет;

7.1.3 Ата-анасының біреуі университеттегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес ХҚТУ қызметкері немесе жұмысшысы (ҚР Үкіметінің 29.12.2007ж. №1400 Қаулысымен бекітілген қызметтер реестрінің G10-G14 баптарына жататындығы көрсетілген) жұмыс істейтіндігі туралы анықтама;

7.1.4 Олимпиадалық ойындарда, Әлем, Азия және Республика біріншіліктерінде жүлдегер атанған, Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командасының мүшесі екендігін дәлелдейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

7.2. Өтінішке жеке дара отбасы жағдайына байланысты, қажет болған жағдайда, ата-анасының жұмыссыздығы туралы анықтама, зейнетақы қорынан соңғы 6 айдағы мәлімет,

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-037-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Университетке ақылы негізде қабылданған студенттерге оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер туралы ережесі</b>		8 беттің 6 –ші беті

зейнетақы кітапшасының көшірмесі, отбасында бірнеше студент болса, олардың оқитындығы туралы анықтама, отбасындағы кәмелетке толмаған, мектеп жасындағы балаларының тууы туралы куәліктерінің нотариалды куәландырылған көшірмелері және тағы басқа құжаттар қосымша тіркелуі мүмкін.

## **8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс. (Қосымша 11).

## **9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

9.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі департамент директорына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын АРСБ-ға сақтауға беріледі.

### **КЕЛІСІЛДІ**

**Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент**

**Б.Б.Ахметов**

**Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы**

**Е.Шахабаев**

**Қаржы департаментінің бастығы, бас бухгалтер**

**Н. Ешметова**

**Құқықтық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры**

**А.Абсеметов**



